




## ТЗСДС ЖӘНЕ ТЗСДСРВ ТҮРЛЕРІНДЕГІ СМР КАБЕЛЬДІК КІРМЕСІН ОРНАТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

1. Кірме бөлігі
2. Корпус
3. Теңелтуші муфта
4. Реверсивтік орағыш конусы
5. AnyWay қысқыш сақинасы
6. Сыртқы тығыздаушы сомын




### ОРНАТУ ЖҰМЫСЫН БАСТАМАС БҰРЫН БАРЛЫҚ НҰСҚАУЛАРДЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

КАБЕЛЬДІК КІРМЕНІҢ ҚҰРАМДАСТАРЫ - Кабельдік кірмені төменде көрсетілгеннен артық бөлшектеу қажет емес




1. Корпусты (2) кірме бөлігінен (1) босатып шығару арқылы кірмені екі («А» мен «В») түйінге бөлшектеп, оларды бір-бірінен ажыратыңыз. Назар аударыңыз: (4) пен (5) бекітілмеген бөлшектер болып табылады.

2. Кабельді дайындаңыз: сыртқы қаптамасы мен орағышын алып тастау арқылы жабдықтың геометриясына бейімдеңіз. Төмендегі кестені анықтама ретінде пайдаланып, сыртқы қаптамасының тағы біразын алып тастаңыз.




КАБЕЛЬДІК КІРМЕНІҢ ӨЛШЕМІ	20S/16, 20S, 20	25S, 25, 32, 40	50S, 50, 63S, 63	75S, 75, 90, 100, 115, 130
КАБЕЛЬДІҢ АШЫЛҒАН БӨЛГІНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ - L	12 мм (0,472 дюйм)	15 мм (0,591 дюйм)	18 мм (0,709 дюйм)	20 мм (0,787 дюйм)

3. Кірме құрамдастарын («А» түйінін) жабдыққа жалғап бекітіңіз. (Қашықтан орнатуға арналмаған) «В» түйінін (сыртқы тығыздағышын кабельге қаратып) және AnyWay қысқыш сақинасын (5) кабельге кигізіңіз. Реверсивтік орағыш конусын (4) «А» түйініне енгізіңіз. Қай тарапқа қаратып енгізуді кабель түріне қарай таңдаңыз (төмендегі суретті қараңыз)




Өрілген сымды орағышы, тілкемді орағышы, иілгіш сымды орағышы немесе таспалы орағышы бар кабельді жабдыққа жалғау үшін конустың айғыздалған жағын сыртқа қарату керек.




Бір сымды орағышы бар (SWA) кабельді жабдыққа жалғау үшін конустың сатылы жағын сыртқа қарату керек.

4. Кабельді «А» түйінен өткізіңіз де, орағышын немесе өрілген сымдарды конус айналасында біркелкі жайып орналастырыңыз. Кабельдің өрілген сымдары немесе орағыш пен конустың арасындағы контактты жоғалтпау үшін кабельді алға итере отырып, теңелтуші муфтаны (3) кірме құрамдасына (1) тартып бекітіңіз - бос бұранда ұзындығы қалмағанға дейін. (Назар аударыңыз: ішкі компенсатор кабельдік кірменің ішкі тығыздағышының кабельдің ішкі қаптамасына аса қатты тығыздалуын болдырмайды.)

ТЗСДСРВ кірмесінің ішкі қаптамасында кабель орнатылып жатқан кезде кабельдің қорғасын қаптамасымен автоматты түрде электрлік контакт жасайтын құрылғы бар.



5. Кабельді жабдыққа мынадай жалғаңыз: корпусын (2) кірме құрамдасына (1) тартып бекітіңіз - әрбір бөлікті сомын кілтімен бұрап. Корпусын тартып бекітіңіз - корпус пен кірме құрамдастары «металл металға» күйіне жетіп, әрі қарай тартып бекіту мүмкін болмағанға дейін.



6. Сыртқы тығыздаушы сомын түйінін (8) тек бармақтармен ғана тартып бекітіңіз - тартуға қарсы азғантай кедергі пайда болғанына дейін.

Одан кейін не сыртқы тығыздағышты тарту мөлшерін анықтаушы таспаны, не осы беттің арғы жағындағы кестені пайдаланып, тығыздағышты сомын кілтімен тағы қанша тартып бекіту керектігін анықтаңыз (сыртқы тығыздағышты тарту мөлшерін анықтаушы таспаны пайдалану ұсынылады).

Сыртқы тығыздағышты тарту мөлшерін анықтаушы таспаны кабельге ораңыз - бұл тығыздағышты сомын кілтімен қанша айналымға тарту керектігін көрсетеді (осы жерде көрсетілгендей). Сыртқы тығыздағышты тарту мөлшерін анықтаушы таспаның дұрыс бетін пайдалануды қаптамасыз етіңіз - кабельдік кірменің өлшеміне қарай.

